

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы және мемлекетшілдік мұрат

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері және пәнаралық ықпалдастық

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

«Ер Төстік» пен «Күн астындағы Күнікей қыз» сияқты қиял-ғажайып ертегілер салыстыру және феноменологиялық тұрғыдан талданғанда, олардың адам болмысы мен рухани ізденісін бейнелейтін терең мағыналық қабаттары ашылады. Бұл туындыларда адамның өз мәнін тануы, жарық пен әділдікке ұмтылысы, рухани кемелдену идеясы айқын көрініс табады. Феноменологиялық әдіс осы ертегілердің мәнін адамның ішкі әлемі мен рухани тәжірибесі арқылы ашуға мүмкіндік берсе, цифрлық гуманитаристика сол тәжірибені сандық деректер арқылы дәлелдеп, ғылыми айналымға түсіреді. Осылайша, қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеуде дәстүрді гуманитарлық талдау мен цифрлық технологиялардың тоғысуы жаңа ғылыми парадигманы қалыптастырады. Бұл бағыт фольклорды зерттеу ісін теориялық сипаттан шығарып, оны заманауи мәдениет пен цифрлық білім кеңістігінің белсенді бөлігіне айналдырады.

Қорыта айтқанда, фольклорды цифрлық гуманитаристика құралдары арқылы зерттеу мен насихаттау – ұлттық рухани мұраны сақтаудың және оны жаңа ұрпаққа заманауи форматта жеткізудің маңызды кетігі. Бұл бағыт қазақ мәдениетінің үздіксіз дамуын қамтамасыз етіп, халық шығармашылығын заманауи ғылыми кеңістікпен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Ойөріс. – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 290 б.
3. Досжанов Д. Ер Төстік. – Алматы: Жазушы, 1969. – 45 б.
4. Толыбаев Қ. Қазақ ертегілері, 4-том. – Алматы: Жазушы, 2000. – 272 б.
5. Толыбаев Қ. Қазақ ертегілері, 2-том. – Алматы: Жазушы, 2000. – 272 б.
6. Кукубаева А. Феноменология, структура, особенности развития национального самосознания (на примере казахского этноса). – Алматы: Эрекет-принт, 2009. – 47 б.

ҚАЗАҚ ПОСТФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Гаухар ДЖУБАНОВА, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан. E-mail: jubanovy@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және оның жаңа медиадағы трансформациялық ерекшеліктері талданады. Постфольклор интернет, әлеуметтік желілер және мультимедиялық платформаларда таралатын фольклорлық мәтіндердің жаңа формасы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында қазақтілді киберкеңістікте кең тараған тізбек хаттар, шағын ғибрат хикаялары, урбан-аңыздар, мемдер және музыкалық ремикстер жанрлық, құрылымдық және функциялық тұрғыда талданды. Мақала постфольклордың дәстүрлі фольклор элементтерін сақтай отырып, цифрлық кеңістікте қалай өзгеретінін, қандай мәдени-коммуникативтік қызмет атқаратынын анықтайды.

Түйін сөздер: постфольклор, интернет-фольклор, мем, тізбек хат, шағын жанрлар, мультфольклор.

Abstract. The article analyzes the genre system of Kazakh postfolklore and its transformation in the digital media environment. Postfolklore is considered as a new form of folklore texts that circulate on the Internet, social networks and multimedia platforms. The study examines chain letters, short moral stories, urban legends, memes and musical remixes widely spread in the Kazakh-language cyberspace, focusing on their genre, structural and functional features. The article reveals how postfolklore transforms in the digital space while preserving elements of traditional folklore, and what cultural-communicative functions it performs in the modern media environment.

Keywords: postfolklore, internet folklore, memes, chain letters, short genres, multimedia folklore.

Кіріспе. Қазақ фольклоры – ұлттың тарихи жадын, дүниетанымын және мәдени кодын ұрпаққа жеткізетін ең көне әрі тұрақты рухани көздердің бірі. Дәстүрлі қоғамда ауызша таралған фольклор ХХІ ғасырда цифрлық ортаға ауысып, жаңа мазмұн мен жаңа қызмет атқара бастады. Соның нәтижесінде ғылымға постфольклор ұғымы енді.

С.Ю. Неклюдов постфольклорды «дәстүрлі фольклорлық құрылымдарды сақтай отырып, жаңа мәдени жағдайда пайда болатын шығармашылық модель» деп анықтайды [1, 2-4]. Бұл анықтама қазіргі постфольклордың екі негізгі сипатын айқындайды:

1. дәстүрлі фольклорлық кодтардың сақталуы (сюжет, кейіпкер, мораль, формула);
2. жаңа медиада қысқару, визуализация және интерактивті таралу арқылы бейімделуі.

Л.Г.Ядрышникова постфольклорды эстетикалық құбылыспен қатар әлеуметтік-коммуникативтік механизм ретінде түсіндіреді. Зерттеуші постфольклор мәтіндерінің эмоциялық, мәдени және психологиялық қажеттіліктерді өтейтінін атап өтеді [2, 12]. Мысалы, әлеуметтік желілердегі қысқа ғибрат хикаялары кеңес береді, мемдер қоғамды сынға алады, ал тізбек хаттар қорқыныш, сенім немесе манипуляция негізінде таралады.

Ғалымдардың ортақ тұжырымы – фольклор енді тек мәтін емес, қатысым формасы. Егер дәстүрлі ортада қатынас «айтушы – тындаушы» үлгісімен іске асса, қазіргі медиада бұл процесс «жасаушы – көшіруші – қайта өңдеуші – таратушы» цикліне айналды. Бұл өзгеріс мәтіннің авторсыздануына және шексіз вариативтілікке жол ашады, яғни ауызша дәстүрдің цифрлық ортада жалғасқан жаңа түрі байқалады.

Қазақ фольклорының жанрлық жүйесін түсіндіруде академик С.Қасқабасовтың «Жаназық» еңбегі негізгі әдіснамалық база саналады [3, 26]. Ғалым халық прозасын миф, аңыз, хикаят, ертегі, ғұрыптық мәтіндер және тұрмыс-салт шығармалары деп жіктеп, олардың поэтикасы мен құрылымдық белгілерін анықтаған. Қазіргі постфольклор үлгілері дәл осы жанрлардың ықшамдалған, медиаланған және трансформацияланған формасы ретінде көрінеді.

Ж. Рақыш, Н. Сәрсек және А. Ақан постфольклорды жеке ғылыми нысан ретінде қарастырады. Олар шағын ғибрат мәтіндері, тізбек хаттар, мемдер және

урбан-аңыздар сияқты жанрларды салыстырып, олардың құрылымдық ерекшеліктерін талдайды [4, 104]. Бұл еңбектер қазақ интернет кеңістігіндегі постфольклор жанрларын жүйелеуге нақты ғылыми негіз қалдырды.

Осылайша, постфольклор – дәстүрлі фольклордың медиа кеңістікте жалғасқан жаңа деңгейі. Ол тек сақталып отырған емес, жаңғырып, өзгеріп, кең аудиторияға тарайтын динамикалық феномен. Сондықтан постфольклордың жанрлық сипатын, таралу механизмін және коммуникативтік қызметін зерттеу – қазақ фольклортануы үшін өзекті ғылыми міндет.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесін анықтау және оның жаңа медиадағы трансформациялық ерекшеліктерін сипаттау. Бұл мақсат постфольклордың мәтіндік, визуалды және мультимедиялық формаларын салыстыра отырып, олардың дәстүрлі фольклормен байланысын дәлелдеуге бағытталады.

Мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

1. постфольклор ұғымының теориялық негіздерін айқындау;
2. қазақ постфольклорының жанрларын жіктеу;
3. шағын ғибрат хикаялары, тізбек хаттар, интернет-аңыздар, мемдер, мультимедиялық үлгілердің құрылымдық ерекшеліктерін талдау;
4. осы жанрлардың дәстүрлі фольклор элементтерімен байланысын анықтау;
5. постфольклордың медиамәдениет контекстіндегі коммуникативтік қызметін көрсету;
6. қазіргі цифрлық зерттеу әдістерін (контент-талдау, интертекстуал талдау, киберэтнография) қолдана отырып, интернет мәтіндерінің вариативтілігін сипаттау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазақ постфольклорының жанрларын шартты түрде жіктеп, олардың медиамәдени контекстін фольклортану әдістері мен контент-талдау негізінде сипаттау.

Зерттеу әдістері. Зерттеу постфольклорды тек мәтін ретінде емес, мәдени-коммуникативтік феномен ретінде қарастыруға бағытталды. Сондықтан бірнеше әдіс кешенді түрде қолданылды.

Біріншіден, **салыстырмалы әдіс** пайдаланылды. Дәстүрлі фольклор жанрлары мен олардың интернеттегі нұсқалары салыстырылып, жанрлық белгілердің сақталу деңгейі анықталды. Мысалы, хикаят – мотивациялық қысқа әңгімеге, аңыз – урбан-аңызға, тұрмыс-салт мәтіндері – мем формасына айналған тұстар қарастырылды.

Екіншіден, **құрылымдық талдау** жүргізілді. Постфольклорлық мәтіндердің композициясы, формула, мораль, символ, уақыт пен кеңістік категориялары зерттелді. Бұл тәсіл әсіресе шағын ғибрат хикаялары мен тізбек хаттарда анық байқалды, өйткені олардың мәтіндік моделі стандартты схемаға бағынады.

Үшіншіден, **контент-талдау** қолданылды. Әлеуметтік желілерде таралған мәтіндер мазмұндық белгілері, жиі қолданылатын мотивтері, сакралды сандар, діни лексемалар немесе ирониялық кодтар арқылы сұрыпталды. Бұл әдіс ауқымды интернет мәтіндерін жүйелеуге мүмкіндік берді.

Төртіншіден, **интертекстуал талдау** пайдаланылды. Постфольклорлық мәтіндерде кездесетін цитата, формула, діни сөздер, халықтық моральды білдіретін тұрақты тұжырымдар анықталды. Бұлардың барлығы дәстүрлі фольклор кодтарының заманауи көшірмесі екенін көрсетті.

Бесіншіден, зерттеуде **киберэтнография элементтері** қолданылды. Интернет кеңістігіндегі мәтіннің таралу жолы, қолданушылар арасындағы көшірілу, өзгертілу және қайта тарату процесі бақыланды. Бұл әдіс постфольклордың цифрлық мәдениеттегі өміршендігін түсіндіруге мүмкіндік берді.

Теориялық база ретінде С.Ю. Неклюдов (постфольклор теориясы), Л.Г.Ядрышникова (коммуникативтік сипат), С.Қасқабасов (жанрлық жүйе), сондай-ақ Ж.Рақыш, Н.Сәрсек, А.Ақан (жанрлық трансформация) еңбектері негізге алынды [1; 2; 3; 4].

Әдебиетке шолу. Постфольклор ұғымы ғылыми айналымға ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында ене бастады. Бұл бағыттың теориялық негізін қалаған зерттеушілердің бірі – **С.Ю. Неклюдов**. Ол постфольклорды дәстүрлі фольклорлық құрылымдардың жаңа медиадағы қайта туу формасы деп сипаттайды. Ғалымның пайымдауынша, фольклор жойылмайды, керісінше жаңа мәдени ортаға бейімделіп, өмірін жалғастырады. Неклюдов постфольклордың басты белгілерін атап көрсетеді: қысқару, модульдік құрылым, визуализация, интерактивті таралу, авторсыздану және көпнұсқалылық [1, 3]. Бұл сипаттар қазақ постфольклорының қазіргі интернет кеңістігінде айқын байқалады.

Л.Г.Ядрышникова постфольклорды тек эстетикалық құбылыс емес, әлеуметтік-коммуникативтік механизм ретінде түсіндіреді. Зерттеуші постфольклорды адамның күнделікті тәжірибесінде қолданылатын мәдени әрекет түрі деп қарастырады. Яғни мұндай мәтіндер адамдардың қорқыныш, сенім, күмән, эмоция және ақпарат алмасу қажеттілігін өтейді [2, 13]. Бұл тұжырым постфольклордың әлеуметтік желілерде жаппай таралу себебін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақ фольклортану ғылымында постфольклор мәселесі кейінгі жылдары белсенді зерттеле бастады. Дәстүрлі жанр жүйесін анықтауда **С. Қасқабасовтың** еңбектері негізгі әдіснамалық база болып табылады. «Жаназық» еңбегінде ғалым миф, аңыз, хикаят, ертегі, ғұрыптық мәтіндер және тұрмыс-салт өлеңдері сияқты халық прозасының ішкі құрылымын нақты сипаттайды [3, 26]. Бұл үлгі постфольклор жанрларын салыстырмалы тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді, өйткені жаңа медиада таралған мәтіндер дәл осы жанрлық сипаттарды сақтайды.

Қазақ постфольклорын тікелей зерттеген еңбектер ішінде **Ж.Рақыш, Н.Сәрсек, А.Ақан** жүргізген көлемді ғылыми жоба ерекше орын алады. Олар әлеуметтік желідегі мәтіндерді үлкен деректер базасы арқылы жинап, Django платформасы негізінде автоматты сұрыптау, кодтау және жанрлық жіктеу әдістерін қолданды [4, 104]. Зерттеу нәтижесінде қазақ интернетінде кең тараған төрт тип анықталды: қысқа ғибрат хикаялары, тізбек хаттар, қауесет-аңыздар және мемдер. Ғалымдар бұл құбылысты «фольклордың жаңа ортадағы табиғи жалғасы» деп бағалайды.

Тізбек хаттарды арнайы талдаған еңбектерде олардың діни-мистикалық, қорқытуға бағытталған, сақтандыру және қайырымдылық сипатындағы төрт түрі аталады [5, 96]. Бұл мәтіндерде сакралды сандар, діни формулалар, «таратсаң – жақсылық, таратпасаң – бәле» деген магиялық схема жиі кездеседі. Мұндай құрылым фольклордағы ырым мен тыйым жүйесіне дәл келеді.

Музыкалық постфольклоризмге қатысты еңбектерде халық әндерінің ремикс, кавер, электронды нұсқаларының кең таралуы фольклордың тек мазмұн емес, медиаобраз ретінде де жаңғырғанын дәлелдейді. Бұл бағытты **Горбунова** «компьютерлік-музыкалық кеңістікте өңделген фольклорлық код» деп сипаттайды [6, 2].

Жалпы ғылыми әдебиеттерді талдай отырып, бірнеше тұжырым жасауға болады:

- постфольклор – фольклордың жоғалу емес, трансформация кезеңі;
- жаңа орта жанрлық модельді өзгертеді, бірақ мазмұндық қаңқа сақталады;
- постфольклорда интерактивтілік, жылдам таралу және визуал форма басты рөл атқарады;
- қазақ интернетінде дәстүрлі фольклор кодтары толыққанды өмір сүріп отыр.

Талқылау. Жиналған материалды талдау постфольклорлық мәтіндердің қазақтілді интернет кеңістігінде тұрақты жанрлық жүйе қалыптастырғанын көрсетті. Ең алдымен, барлық жанрларда дәстүрлі фольклордың поэтикалық және семантикалық кодтары сақталған. Сюжеттік схема, кейіпкер моделі, мораль мен ғибрат – өзгермейтін негізгі элементтер. Тек пішін мен таралу формасы жаңарған. Бұл С.Ю. Неклюдов ұсынған «дәстүр кодтарының сақталуы және жаңа мәдени ортаға бейімделуі» қағидасын толық дәлелдейді [1, 2-4].

Шағын ғибрат хикаялары ең көп таралған жанр болып шықты. Олардың мәтіндік құрылымы өте ықшам: 4–8 сөйлем, жалпыланған кейіпкер және соңында қысқа мораль. Бұл модульдік модель мәтіннің тез көшіруге, өзгертуге және түрлі платформаға бейімдеуге қолайлы. Осындай вариативтілік халық ауыз әдебиетіндегі ауызша таралудың интернеттік аналогы болып табылады.

Тізбек хаттар фольклордағы магиялық сенімдер мен сакралды символиканың медиалық нұсқасын сақтап отыр. Хаттардың көпшілігінде 3, 7, 9, 40 сияқты қасиетті сандар, діни формулалар және қорқыту-сыйлау механизмі қолданылады. Желі қолданушыларының психологиялық реакциясы да фольклорлық сенімге жақын: «таратса – жақсылық, таратпаса – жаза». Бұл постфольклордың тек ойын-сауық емес, сенім мен қорқыныш арқылы әрекет ететін коммуникативтік құралға айналғанын дәлелдейді.

Урбан-аңыздарда классикалық аңыз жанрының белгілері анық көрінді. Белгісіз кейіпкер, нақты емес мекен, «бір танысым айтыпты» сияқты қауесеттік формулалар жиі кездеседі. Интернеттегі аудио, скриншот, жалған «дәлелдер» бұл әңгімені шынайы етіп көрсетеді. Осылайша, аңыздар виртуалды ортада жаңа аргументтермен толыққанымен, функциясы өзгермейді: қауіптен сақтау, ғибрат беру, белгісіздікті түсіндіру.

Мемдер ұлттық мінез бен тұрмыстық стереотиптердің қысқа кодына айналды. Олар карикатура, мысал, әзіл және әлеуметтік сын функциясын атқарады. Бір визуалды шаблон мыңдаған мәтінге өзгеруі мемнің ұжымдық және вариативті табиғатын көрсетеді. Бұл фольклордағы көпнұсқалықтың ең көрнекті формасы.

Музыкалық постфольклоризм де маңызды құбылыс. Ремикс, кавер, электронды күй – дәстүрлі музыканың медиакеңістікте жаңа өмірге ену жолы. Халық әуені енді тек орындау емес, тренд, бренд, контент қызметін атқарады. Жастар фольклорды “тыңдаушы” емес, “қайта өңдеуші” субъектіге айналып отыр.

Осы нәтижелерге сүйене отырып, бірнеше қорытынды жасауға болады:

1. постфольклорлық мәтіндер тұрақты жанрлық жүйеге ие;
2. олардың барлығы дәстүрлі фольклордың мазмұндық моделін сақтайды;
3. цифрлық орта жаңа таралу жылдамдығы мен интерактивтілік береді;
4. постфольклор – тек ойын-сауық емес, әлеуметтік, тәрбиелік, психологиялық және коммуникативтік қызмет атқаратын мәдени механизм.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері қазақтілді интернет кеңістігінде постфольклордың бірнеше тұрақты жанрлық формасы бар екенін дәлелдеді. Материалды жанрлық, құрылымдық және мазмұндық талдау төмендегі нәтижелерді көрсетті:

Біріншіден, барлық постфольклор түрлерінде дәстүрлі фольклордың ішкі поэтикалық жүйесі сақталған. Сюжет схемасы (басталу – даму – қорытынды), жалпыланған кейіпкер моделі, мораль, формула, сакралды символдар жиі қолданылады. Бұл постфольклордың «жаңа пішіндегі дәстүр» екенін дәлелдейді.

Екіншіден, постфольклор мәтіндері ықшам формаға ие. Мәтін қысқарады, ақпарат визуалданады, ал оқиға бірнеше сөйлеммен беріледі. Осындай ықшамдылық контенттің тез таралуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде мәтін бірнеше платформада қайталанып, өзгертіліп, көпнұсқаланады.

Үшіншіден, вариативтілік — постфольклордың негізгі белгісі. Бір мәтіннің бірнеше модификациясы кездеседі: сөздердің ауысуы, сөйлемнің қысқаруы, аудио немесе видео нұсқаға айналуы, мем форматында қайта тууы. Бұл классикалық фольклордағы ауызша дәстүрдің интернеттегі жаңа формасы екенін көрсетті.

Төртіншіден, жанрлар арасында функциялық айырмашылық айқындалды:

- шағын ғибрат хикаялары – тәрбиелік және этикалық функция атқарады;
- тізбек хаттар – сенім, қорқыныш, символика арқылы әрекет етеді;
- урбан-аңыздар – қауесеттік ақпарат пен белгісіздікке жауап береді;
- мемдер – әлеуметтік сын, ирония және күлкі қызметін атқарады;
- музыкалық ремикстер – дәстүрді жаңғыртып, жастар ортасына бейімдейді.

Бесіншіден, постфольклор медиамәдениетте жаңа таралу моделін қалыптастырды: «жасаушы – көшіруші – өңдеуші – таратушы». Бұл процесс барлық қолданушыны мәтін жасаушыға айналдырады, ал мәтін авторсызданып, ұжымдық сипат алады.

Алтыншыдан, постфольклор ұлттық кодты сақтаудың тиімді құралына айналды. Мәтіндерде қазақы юмор, салт, әлеуметтік стереотип, тұрмыс элементтері көрініс тапқан. Осылайша, дәстүр тек архивте емес, күнделікті онлайн коммуникацияда өмір сүреді.

Жалпы нәтиже:

- постфольклор жанрлары жүйеленді;
- олардың құрылымдық-мазмұндық белгілері анықталды;
- таралу және трансформация механизмі көрсетілді;
- фольклордың жаңа медиадағы әлеуметтік қызметі дәлелденді.

Қорытынды. Қазақ постфольклоры – дәстүрлі фольклордың үзіліп қалған мұрасы емес, оның жаңа медиадағы табиғи жалғасы. Зерттеу нәтижелері постфольклор жанрлары классикалық фольклорлық модельдерден алшақтамағанын дәлелдеді: мазмұндық қаңқа, тұрақты сюжет схемасы, мораль, ұлттық символдар өзгеріссіз сақталады. Трансформация тек пішін мен таралу механизмінде жүреді.

Постфольклор жанрлары – шағын ғибрат хикаялары, тізбек хаттар, урбан-аңыздар, мемдер, мультимедиялық ертегілер, музыкалық ремикстер – дәстүрлі жанрлардың ықшамдалған әрі медиаға бейімделген нұсқалары. Әр жанр қоғамда белгілі бір қызмет атқарады: тәрбиелік, ақпараттық, күлкілі, қорқыту, әлеуметтік сын немесе мәдени жадыны жаңғырту.

Зерттеу постфольклордың басты ерекшеліктерін көрсетті:

- мәтіндердің қысқаруы және визуалдануы;
- көпнұсқалану мен еркін өңделуі;
- авторсыздану және ұжымдық шығармашылыққа айналуы;
- цифрлық коммуникация арқылы тез таралуы.

Постфольклор қазіргі медиамәдениетте ұлттық кодтың сақталуына және жаңаруына ықпал етеді. Қазаққа тән юмор, салт, тұрмыс, діни-мифологиялық символдар әлеуметтік желілерде жаңа формада өмір сүріп отыр. Бұл құбылыс фольклордың тек «өткен мұра» емес, қоғаммен бірге дамып отыратын динамикалық жүйе екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері постфольклорды жанрлық тұрғыда жүйелеуге, оның әлеуметтік-коммуникативтік қызметін түсіндіруге және медиалингвистика, фольклортану, цифрлық гуманитаристика салаларында қолдануға мүмкіндік береді. Алдағы зерттеулер үшін меметика, киберэтнография, мультимедиялық мәтіндердің семиотикасы сияқты бағыттардың әлеуеті жоғары.

Сондықтан постфольклорды ғылыми тұрғыда зерделеу – ұлттық мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуын түсінудің маңызды кілті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Неклюдов С.Ю. Постфольклор: дәстүрлі құрылымдардың жаңа мәдени ортада жалғасуы // Живая старина. – 1995. – №1. – С. 2–4.
2. Ядрышникова Л.Г. Фольклор және постфольклордың қазіргі мәдениеттегі коммуникативтік қызметі: диссертация. – Екатеринбург, 2008.
3. Қасқабасов С. Жаназық: зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 2011. – 424 б.
4. Рақыш Ж., Сәрсек Н., Ақан А. Қазақтілді интернет кеңістігіндегі шағын жанрлардың постфольклорлық трансформациясы // Керуен. – 2024. – №2. – Б. 103-104.
5. Сәрсек Н., Рақыш Ж., Оралбек А. Қазіргі қазақ интернетіндегі тізбек хаттардың жанрлық табиғаты // Керуен. – 2024. – №3. – Б. 95-98.
6. Горбунова И.Б. Цифрлық мәдениеттегі музыкалық постфольклоризм // Музыкальная мысль. – 2021. – №3.